

Махан Г.

Ұлы даланың кемеңгер перзенті/ Г. Махан // Жастар әлемі.-2005.- 21 наурыз.

Облысымыздағы іргелі жоғары оқу орындарының үкілеген үміткері-актаңгер айтыскерлер мен жазба шайырлары заманымыздың заңғары, ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бөкетовтің сом тұлғасын өлең сөзбен өрнектеп, кара шаңырақ ҚарМУ-дің салтанатты сарайында жыр додасына түсті. Академиктің 80 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы даланың кемеңгер перзенті» атты айтыс пен «Жырлайық ұлылығын ұлылардың» деген жыр мүшайрасын халқы асыға күткендей. «Әдебиет пен көркем өнердің ұлы туындылары біздің жан-тәнімізге, қанымызға, бойымызға сездірмей сіңеді де, біздің рухани адамгершілік бейнемізді қалыптастыру ісіне асқан белсенділікпен катынасады». Осылай ой толғаған абзал аға арамызда отырса, өскелең ұрпағының бүгінгі шабысына риза болар еді,- дейді көз көрген замандастары мен қызметтес болған, жақсы араласқандар. Осынау игі шараның өтуіне қолдау керсетіп, ұлттық салт-дәстүрімізге жанашырлық таныта, дем берген Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Е. Лұқпанұлы, Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры Е. Қинаятұлы және Қарағанды облыстық ішкі саясат департаментінің директоры Б. Қуанышұлы мен Қарағанды облыстық мәдениет департаменті бастығы Р. Кенжебалақызы жиналған жамағаттың қуанышына ортақтасып, жыр додасы мен шайырлар сайысына ақ жол тіледі. Тау баласы тауға, қыр баласы қырға қарап өседі демекші, алып бәйтеректің саясын паналап, жемісінің балшырындай дәмін татқан жас ақындарымыз Евней Арыстанұлының үлгі боларлық өмір жолын насихаттап, жан сарайдан төгілген жырларын көрерменге шашу етті. Сондай-ақ, Сарыарқа халқын ән құшағында тербелтіп жүрген Қ. Ыбышев, Е. Толеутай, Е. Құжманов, Е. Базарбеков, С. Аяғанов сынды бүгінгінің сал-серілерінің салған әні сахнаны жандандырып, тыңдарман ұйып тыңдап қалғанды.

Өлең-жыр, өнерсүйер жамағат шынайы бағасын береріне сенім білдірген әділ қазылар алқасы саралап, ақылдаса келе орынға өз университетіміздің филология факультетінің студенті Е. Кеңесбековты лайық айтыскер деп ұйғарды. II орынды қанжығасына байлаған «Болашақ» маңызды білім беру институтының оқушысы Д. Хамиевтей сөз маржанын терген суырыпсалма жалынды жас акынның айтыс айдынына жүзіп шыққанына жиналған жұрты қуанып, үкілі бөрік киген жас айтыскерге үкілі үмітпен карағанды. «Ақындар өзара ұқсастығымен емес, өзгешелігімен қызық» демекші, жиналғандарды ойнақы әрі ұлымды әзіл-қалжыңымен баурап, III орынды еншілеген қызқұмарлау ақын жігіт Ж. Жеңісбек те университетіміздің филология факультетінің студенті.

Жыр мүшайраға қатысушыларға «Жырлайық, ұлылығын ұлылардың» деген және еркін тақырыпта, сондай-ақ, туындылар әдеби лақап атпен берілуге тиіс өлеңдер жабық талқылауда қазылар алқасының саралауынан етеді деген талаптар қойылды. «Гэкку» атты лақап есіммен «Әлемге асқақ қараса» өлеңінің авторы, филология факультетінің II курс студенті Ж. Аманжолова I орын иегері

атанды, «Жасын» бүркеншік есімімен «Тағзым» атты туындысын оқыған Ә. Аманжолов ІІ орын, ал филология факультеті, журналистика бөлімшесінің курс студенті Ө. Мәдет өзін «Бек Ноян» деген лақап атпен «Ол мәңгілік өлмейді» жыр шумағын оқып, ІІІ орынға шықты. Бейнелі, көркем сөз өнермен сусындап, филология факультетінің құнарлы топырағынан нәр алған айтыскер студенттеріміз айтыстың сөз барымтасы екенін дәлелдегендей. Еліміздің елдігі мен жеріміздің кеңдігін мақтанышпен әлемге паш етер ұл-қыздарыңыз Евней Бөкетовтің таңғажайып тұлғасын үлгі етсе, ұлттың мерейі үстем болмақ. Міне, осындай ұран тастаған «Шабьт» ақындар клубына «Лингва» институтының ректоры Н. Бөкетова түрлі-түсті теледидар тарту етті.

Buketov university